

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ БҰҚАРАЛЫҚ САНАСЫНЫҢ ДІНИ АСПЕКТІЛЕРІ*

Алтайқызы Айкерім

aikerim.altaikyzy@gmail.com

*ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты
(Алматы, Қазақстан)*

Altaikyzy Aikerim

aikerim.altaikyzy@gmail.com

*Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies CS MSHE RK
(Almaty, Kazakhstan)*

Аңдатпа. Ғылыми мақалада Қазақстандағы бұқаралық сананың діни мәселелері, оның ішінде қоғамдағы исламның қазіргі орны талданған. Діни көзқарастар мен әлеуметтік процестер арасындағы байланыстар, сонымен қатар, олардың ұжымдық идеялар мен қазақстандықтардың қалыптасуына әсері қарастырылады. Мәдени, әлеуметтік өзгерістер мен әртүрлі дүниетанымдардың өзара әрекеттесуі контекстінде діни құндылықтардың өзгеру қарқынына ерекше назар аударылады. Жаһандану жағдайында діни идеялар мен көзқарастардың бейімделу мәселелері және олардың қоғамдық келісімді қалыптастырудағы рөлі талқыланады. Автор қазіргі қоғамның әлеуметтік және мәдени ерекшеліктері мен дамуын түсіну үшін діни факторды зерттеудің маңыздылығы мен өзектілігін атап көрсетеді.

Зерттеу жұмысы жалпы екі бағыттағы мәселені/бөлімді қамтиды: біріншіден, «Адал адам – Адал еңбек – Адал Табыс» атты Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж.К. Тоқаевтың сөйлеген сөзін талдау; екіншіден, діни бұқаралық санадағы «ислам мен тәңіршілдік» мәселесі бойынша қазақстандық онлайн-платформаларды дискурс-талдау. Осылайша, автор қоғамдық және эксперттік дискурстағы діни көзқарастардың ахуалын анықтап, қазақстандықтардың бұқаралық санасының діни аспектілерін айқындауды көздеді және бұл мақаланың негізгі мақсаты болып табылады.

Түйін сөздер: бұқаралық сана, діни сана, Қазақстан халқы, сананың діни аспектілері, ислам.

Kipicne

Бұқаралық сана күрделі феномен ретінде түсініктер, дүниетаным мен нанымдардың кешенін біріктіреді. Ол әлеуметтік топтардың басым бөлігіне тән және әлеуметтік реттеу мен қоғамдық пікірді қалыптастыру процестеріне

* Бұл зерттеу (мақала) ҚР ҒЖБМ ҒК-нің қаржыландыру аясында №BR21882209 «Қазақстандағы бұқаралық санаға ақпараттық-идеологиялық әсерлер: тәуекелдер мен мүмкіндіктер» бағдарламасы бойынша әзірленді.

әсер етеді. Қазақстанның көпұлтты және көпконфессиялы қоғамында діни аспектілер тұлғаны, құндылықтар жүйесін және әлеуметтік-мәдени нормаларды құруда маңызды рөл атқарады. Діни институттардың қайта жандануымен және діни өзіндік сананың күшеюімен сипатталатын посткеңестік кезеңде дін жеке адамның да, ұжымдық дүниетанымның да құрамдас элементіне айналуға бейімделуде. Қазақстандықтардың бұқаралық санасының діни қырларын зерттеудің өзектілігі жаһандану үдерістерімен, саяси, экономикалық және мәдени өзгерістермен, сондай-ақ қазіргі әлемдегі діни бірегейліктердің маңыздылығының артуымен анықталады. Құндылық бағдарларының плюрализмінің күшеюі жағдайында діни көзқарастар мен әлеуметтік мінез-құлық арасындағы қарым-қатынастарды, сондай-ақ олардың елдегі әлеуметтік және саяси процестерге ықпалын түсіну маңызды болады.

Бұл зерттеудің мақсаты – қазақстандықтардың бұқаралық санасындағы діни құрамдас бөліктерді, олардың заманауи сын-қатерлер жағдайында трансформацияларымен бейімделулерін жүйелі талдау. Зерттеу діни және зайырлы құндылықтардың өзара әрекеттесуін зерттеуді, қоғамдық ақылақ, әлеуметтік нормалар мен саяси басымдықтарды қалыптастырудағы діннің рөлін талдауды, сондай-ақ Қазақстандағы діни дискурстардың әлеуметтік жұмылдыру және интеграция процестеріне әсерін талдауды қамтиды.

Зерттеу әдіснамасы

Автор «Адал адам – Адал еңбек – Адал Табыс» атты Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж.К. Тоқаевтың сөйлеген сөзі мен діни бұқаралық санадағы «ислам мен тәңіршілдік» мәселесі бойынша қазақстандық онлайн-платформаларды зерттеуде негізгі тәсіл ретінде дискурс-талдау әдісін жүзеге асырады. Сонымен қатар негізгі тұжырымдарды айқындау барысында жүйелік әдістемені қолданады.

«Адал адам – Адал еңбек – Адал Табыс» атты Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж.К. Тоқаевтың сөйлеген сөзін талдау

2024 жылы наурыздың 15-і күні «Адал адам – Адал еңбек – Адал Табыс» атты Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысы ашылып, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев [1] дін саласындағы бірнеше негізгі бағыттарға тоқталды. Біріншіден, Алтын-Емел мен Барсакемелестің рухани және мәдени мәні зор, бұл аймақта тарихи ескерткіштер – жерасты мешіттері орналасқан. Олар туристер үшін тартымды орындар ғана емес, қазақтың қайталанбас рухани дәстүрінің куәгерлері. Бұл мәдени мұраны әлемдік деңгейде насихаттау қажет.

Екіншіден, президент қазақ дүниетанымына сәйкес келмейтін және діни фанатизммен байланысты қара түсті киімнің кеңінен таралуына қатысты сын

айтты, сонымен қатар шетелдік нормаларды сыни көзбен қарамай, біржақты көшіру болып табылады. Осы орайда, президент ұсынып отырған шешім – ұлттық бірегейлікті сақтауға және әлемдік аренада тануға көмектесетін ұлттық киім үлгісін белсенді түрде насихаттау.

Үшіншіден, түркі халықтары үшін дәстүрге айналған мыңжылдық діни таным мен рухани қағидаларға тоқталу маңызды. Өңірімізде әл-Фараби сынды көрнекті ойшылдар пайда болған исламдық қайта өрлеу дәуіріне себепкер болған, исламдық ой-пікірдің дамуына үлес қосқан, интеллектуалдық дүниетаным мен еркін ойлауға деген ұмтылысымен ерекшеленетін ханафилық сүннизмге ерекше назар аударылады. Осы тұрғыда түркі сопылығының негізін қалаушы Қожа Ахмет Йассауи мұрасын зерделеу және насихаттау ерекше маңызға ие. Қ.-Ж.К. Тоқаев Түркістандағы Яссауи кесенесіне ислам өркениетінің дәстүріне сай арнайы жамылғы жасау маңызды міндеттердің бірі екенін атап өтті.

Төртіншіден, мемлекеттік және рухани қауіпсіздікке қауіп төндірмейтін барлық діни нанымдарға төзімділікті қамтамасыз ететін мемлекеттің зайырлы мәртебесін нығайту мәселесі қаралды.

Бесіншіден, дәстүрлі отбасылық құндылықтарды үгіттеу және әйелдерді кемсітуге әкелетін исламдық канондарды догматикалық қабылдаудан, түсініктеме беруден аулақ болу; қыз алып қашу және көп әйел алу тәжірибесін моральдық тұрғыдан айыптау және құқықтық бағалау; діни экстремизм мен архаикаға қарсы тұру; дәстүрлі исламның қағидаларын берік ұстану.

Қорытындылай келе, Елбасының сөзінде қазақ тілі, дін және мемлекеттік рәміздер ұлттық бірегейліктің негізі ретінде ерекше атап өтілгенін айта кету керек. Алайда әлеуметтік желілер қолданушылары арасында тіл мәселесіне көбірек көңіл бөлінеді. Тілдік аспект қоғамдық пікірталастағы ең әлеуетті қайшылықты және бірігудің негізгі мәселесі болып отыр, ал діни мәселелер қазақстандық бұқаралық сананың перифериялық құндылықтары қатарына жатады.

Діни бұқаралық санадағы «ислам мен тәңіршілдік» мәселесі бойынша қазақстандық онлайн-платформаларды дискурс-талдау

Интернет сервистердің қазақстандық сегментінде ислам мен тәңіршілдіктің қазақтардың дүниетанымындағы орнын талқылау бірнеше жылдар бойы жалғасуда (ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының гранттық зерттеу жобалары аясындағы әлеуметтік желілер мониторингінің нәтижелерінде көрсетілген [2]). Философия ғылымдарының докторы Берік Аташ «Тәңіршілік тағылымы» [3, 4, 5] мақаласында тәңіршілдік пен діннің қазақ қоғамындағы рөлін, тәңіршілдер мен мұсылмандар арасындағы өзара түсіністік мәселелерін атап көрсетеді.

Ғалымның пікірінше, исламның орнына тәңіршілдіктің қайта оралу ықтималдығы күрделі және жақын болашақта, жалпы алғанда, жүзеге асуы екіталай процесс. Алайда, тәңіршілдікке қайта оралу арқылы Қазақстан

өзінің мәдени-тарихи мұрасына деген қызығушылықты жаңадан оята алады, сондай-ақ ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал етуге мүмкіндік тудырады. Тәңіршілдіктің жақтастары қазақ өмірі мен ұлттық мәдениетін «исламсыз» елестетеді, сондықтан көпшілік халықтың «исламданған санасы» оны дұрыс қабылдай алмайды. Б. Аташ тәңіршілдік дүниетаным болып табылады, ал ислам – дүниетанымның бір формасы ғана деп есептейді. Алайда, халықтың басым бөлігі бұл тұжырыммен келіспейді. Тәңіршілдердің исламды сынауы қоғамда керісінше теріс реакциялар туғызып, исламнан тәңіршілдікке өту үдерісін қиындатуы мүмкін.

Тарихшы, PhD докторы Жақсылық Сәбитов SABAR.asia порталында [6] Қазақстанның мемлекет құраушы этносы үшін дәстүрлі дін дегеніміз не деген сұраққа жауап беруге тырысты. Тарихшының айтуынша, «тәңіршілдік» деп аталатын ағым төңірегінде көптеген аңыздар кездеседі; бұл діннің тарихи тұрғыдан растайтын дәлелі жоқ және жаңа әлеуметтік құбылыс. Қазақстан территориясын мекендеген халықтар мен тайпалардың діни дәстүрлері ешқашан біртұтас болған емес. Қазіргі уақытта тәңіршілдік исламға жатпайтын барлық нәрселер ретінде қабылданады. Бірақ, мәселен, аластау (отпен тазарту) ырымының тамыры зороастризм дінінде жатыр. Яғни, ислам діні келгенге дейін бұл өлкеде біртұтас және басымдыққа ие дін болмаған, қазір тәңіршілдік құрамына түрлі наным-сенімдер мен әдет-ғұрыптарды жатқызады. Ғалым бүгінде Қазақстандағы кейбір адамдардың тәңіршілдікке бет бұру себебін дүние жүзінде неопаганизмнің қайта жандануының жалпы үрдістерімен түсіндіреді. Сәбитов біздің тәңіршілер түркі тарихы мен мәдениетіне романтикалық көзқараспен қарап, исламды жағымсыз құбылыстармен байланыстырады деп есептейді.

Тарихшы исламның Қазақстан аумағына енуі мен күшеюін үш фактормен байланыстырады. Біріншіден, бұл түркілердің арабтармен әскери одағы. Екіншіден, ислам орта ғасырларда әлемдік мәдениетке қол жеткізудің негізгі құралдарының бірі болып, білім мен мәдени құндылықтарды жеткізуде маңызды рөл атқарды. Үшіншіден, Исламның ханафи мазһабы, ол – жаңа дінге сенушілерге ең либералды және төзімді мектеп. Сондай-ақ ол қазіргі Қазақстанда радикалды исламдық көзқарасты ұстанатындардың пайда болуы ұлттық идеологияның жоқтығымен байланысты екенін айтады. Тарихи жады мен ұлттық консолидацияның саясаты қалыптасқан елдерде діни саладағы радикалды белгілер әлдеқайда аз кездеседі.

Бірқатар қазақстандық ақпараттық порталдардың хабарлауынша, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мемлекет басшысының жалпыұлттық құрылтайда сөйлеген сөзін талдау аясында сипатталған жоғарыдағы ұстанымды қолдайды. Бұл отбасылық құндылықтар мен дәстүрлі исламды тұрақты және кезең-кезеңмен дамытуды қамтиды [7]. Өз кезегінде мүфтият 2024 жылды «Ислам және дәстүр құндылықтары» жылы деп жариялады [8].

«Қазақстан жаңа дінді, тәңіршілдікті заңдастырғысы келеді: бұл мүмкін бе?» [9] атты мақаласы тәңіршілдікті Қазақстанның ресми діні деп тану бас-

тамасын талқылауға арналған. Epetition.kz сайтында Тәңіршілдікті мәдени мұраның бір бөлігі ретінде заңдастыруды ұсынатын петиция жарияланды. Петицияның бастамашысы Ерлан Еспенбетов «Жеті ата» мен Наурыз сияқты тәңірлік дәстүрлер әлі күнге дейін қазақтардың өмірінде маңызды рөл атқарады, ал тәңіршілдіктің өзі ежелгі түркі мемлекеттерінің мемлекеттік діні болған деп санайды. Тәңіршілдіктің мемлекеттік деңгейде мойындалуы, оның ойынша, ұлттық болмыстың сақталуына ықпал етеді.

Дегенмен, заңдастыру құқықтық және тұжырымдамалық мәселелерге тап болады. Заңгер Мереке Ғабдуалиев Қазақстанда «таза» ислам болмағанын, бірақ ислам мен исламға дейінгі әдет-ғұрыптар тоғысып өмір сүргенін айтады. Оның пікірінше, бұл әкімшілік шешімге емес, діни сенім бостандығына қатысты мәселе болғандықтан, дінді мойындау петицияға қойылған қолдардың санына байланысты емес екенін атап көрсетеді. Дінтанушы Аян Орынтай тәңіршілдіктің табиғатына қатысты бірауызды пікірдің жоқтығын айтады – біреулер оны философия, енді бірі толыққанды дін ретінде қарастырады. Сонымен қатар, тәңіршілдіктің ортақ қасиетті жазбасы мен ғұрыптардың анық жиынтығы жоқ, бұл институттандыруды қиындатады.

Діни бірлестікті ресми тіркеу үшін ол қатаң заң талаптарына сай болуы керек, мәселен, еліміздің барлық өңірлерінен кемінде 5 000 ізбасары болуы керек. Сонымен бірге, Әділет министрлігі мен Дін істері комитеті жаңа діни жүйелерді мойындау рәсімдері туралы сұраққа нақты жауап бермей отыр, бұл заңнаманың айналымын еместігін көрсетеді.

Жалпы, тәңіршілдіктің дін ретінде танылуы туралы пікірталас тек діни сенім бостандығы құқығы ғана емес, мемлекеттің дін мен мәдениет арасындағы шекараны қалай белгілейтіні туралы да сұрақтар туғызады. Петиция мәдени мұраны сақтауға деген ұмтылысты көрсетеді, бірақ оны жүзеге асыру үшін нақты тұжырымдамалық-құқықтық база, сондай-ақ тәңіршілдік өкілдерінің өздері арасындағы бірізділік қажет.

«Мешіттер деструктивті идеологиямен қалай күреседі» [10] атты мақалада Қазақстандағы мешіттердің деструктивті діни идеялардың таралуына жол бермеу бойынша жұмысы қалай жүргізіліп жатқаны сипатталған. Алматыдағы «Бәйкен» мешітінің наиб имамы Асхат Өтепов дәстүрлі исламның мағынасын жиі бұрмалап, өз қатарына тәжірибесіз қауым өкілдерін тартуға тырысатын жалған салафиттік ағымдармен күресу тәжірибесімен бөліседі. Ол салафизмнің шын мәнінде ислам дәстүрінің бір бөлігі екенін, бірақ қазіргі уахабисттік бағыттағы ағымдар қазақтың тұсаукесер, беташар рәсімдері сияқты мәдени және діни әдет-ғұрыптарды жоққа шығаратынын атап көрсетеді.

Мешіт имамдары жағдайды жіті қадағалап, өз идеяларын киелі жерлерде де таратуға тырысатын жалған салафиттерге қарсы тұру үшін жамағат арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Өтепов мұндай жағдайлар өте сирек кездесетінін, бірақ абайлап, интернет арқылы жалған діни идеялардың жетегінде кеткен жастардың радикалдануына жол бермеу керектігін айтады.

Экстремизмнің алдын алу жұмыстары тек мешіттерде ғана емес, түр-мелерде де жүргізілуде. Асхат Өтепов радикалды діни ағымдарға қатысы бар сотталғандар мен қамауға алынғандармен тұрақты түрде кездесіп, оларға дәстүрлі ислам дінінің негіздері мен сенімдегі ұстамдылықтың маңыздылығын түсіндіреді. Қайта тәрбиелеуге кешенді көзқарас пен теологтардың, дінтанушылар, психологтар және басқа да мамандардың қатысуы қажет екенін айтады. Мемлекет бұл қызметті белсенді түрде қолдайды, қаражатты оңалту және алдын алу бағдарламаларына бағыттап отырады. Қазақстанның саясаты діни тұрақтылықты сақтауға және ғасырлар бойы қазақ халқының діни өмірінің негізі болған дәстүрлі ханафилік исламды қолдауға бағытталған. Өтепов толеранттылық пен басқа көзқарастарды құрметтеуге негізделген дәстүрлі ислам қоғамдағы бейбітшілік пен өзара түсіністікті нығайтуға көмектесетінін атап көрсетеді.

Қорытындылай келе, найб имам азаматтарды рухани жетекшілерді таңдауда, әсіресе интернетте абай болуға және дәстүрлі исламдық тағылымдарды ұстанатын имамдардан кеңес алуға шақырады.

Қазақстанда діндарлық деңгейінің жоғарылауы байқалады, әсіресе ислам контекстінде бұл дүниежүзілік құндылықтар сауалнамасының [11] нәтижелерінде көрсетілген. 2011-2018 жылдар аралығында дінді өз өмірінің кілті деп санайтындардың үлесі 21,5%-дан 28,7%-ға өсті, ал дін маңызды емес деп санайтын адамдар саны 11,4%-дан 8,9%-ға төмендеді. Діни көзқарастардың ең көп өсуі 30 бен 49 жас аралығындағы адамдар арасында байқалды. Діни рәсімдерге қатысу жиілігі де өсті: 2011 жылы респонденттердің 37%-ы рәсімдерге қатыспайтынын айтса, 2018 жылы бұл көрсеткіш 11,1% болды. «Менің дінім – жалғыз хақ» деген пікірмен толық келісетіндердің саны да 10,1%-дан 18,2%-ға өсті. Сонымен қатар, 2018 жылы респонденттердің көбісі балаларға діни тәрбие берудің маңыздылығын көрсеткен. Діни сенімнің негізгі өсуі 2011 жылғы 50,3%-дан 2018 жылы 67,6%-ды құраған мұсылмандар санының өсуімен байланысты. Бұл ретте православиелік христиандардың үлесі 26,7%-дан 18,6%-ға, ал ешбір дінге сенбейтіндер – 21%-дан 8,3%-ға дейін азайған.

Әлеуметтанушылар исламданудың өсуін әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси себептермен байланыстырады. Жүріп жатқан исламдану үдерістеріне қарамастан, халықтың көпшілігі діни әдет-ғұрыптарды қатаң сақтамайтын, бірақ исламмен өздерін сәйкестендіретін «номиналды мұсылмандар» болып табылады.

Қорытынды

Қорытынды жасай отырып, біз Қазақстанның дін саласындағы мемлекеттік саясаты исламды мәдениетті қалыптастырушы, қазақ халқының рухани болмысын қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын дін ретінде тануға негізделуі керек деген тұжырымға келеміз, ал тәңіршілдік пен исламға дейінгі басқа дәстүрлердің, соның ішінде зороастризмнің және ежелгі дү-

ниетанымдық көзқарастар мен наным-сенімдердің әртүрлі формаларының тарихи маңызын ескеру қажет. Бұл көзқарас екі діни құбылысты да ұлттық мәдени өріске біріктіруді көздейді, сабақтастық пен рухани тамырларға құрметті сақтайды. Сондай-ақ бұқаралық сана мен қоғамдаық қарым-қатынаста күрделі әлеуметтік және идеологиялық қарама-қайшылықтарды тудыруы мүмкін «ислам – тәңіршілдік» текетіресінің қалыптасуына жол бермейді.

Аталмыш идеологиялық жүйелерді салыстыру немесе қарсы қою, одан да бетер олардың бірін жоққа шығару немесе құнсыздандыру қоғамдағы алауыздық пен шиеленістерді күшейту қаупін тудырады, бұл әлеуметтік бірлік пен саяси тұрақтылық деңгейінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Демек, екі діни құбылысты да қазақстандық бұқаралық сананың органикалық және бірін-бірі толықтырушы элементтері ретінде тану діни-мәдени қатынастар саласындағы тиімді мемлекеттік саясатты қалыптастырудың оңтайлы стратегиясы болып табылады.

Діни және мәдени дәстүрлердің әртүрлілігін ескере отырып, мемлекеттік саясат рухани дүниетанымның барлық түрлеріне тең және құрметпен қарауды қамтамасыз етуі керек, бұл өз кезегінде қоғамдық келісімді, әлеуметтік тұрақтылықты және қазақстандық қоғамның тұрақты дамуын нығайтуға ықпал етеді. Мемлекет саясатының басты назарында дінге сенушілердің құқықтары мен бостандықтарын сақтау мәселелері ғана емес, сонымен қатар әртүрлі діни және этномәдени топтар арасындағы конструктивті өзара қарым-қатынаспен құрметті қамтамасыз ету болуы тиіс. Осылайша, Қазақстандағы дін саясатын дамытудың стратегиялық векторы әрбір азамат өзін ұлттық мәдени-рухани кеңістікке тиесілі екендігін сезінетін толерантты және инклюзивті қоғамды қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-ulattyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727> 15.03.2024.

2 Исполнитель проекта Алтайқызы А. № АР 09259797 «Процессы религиозизации в Казахстане: специфика, тенденции, воздействия на развитие общества и человеческого капитала (междисциплинарный анализ)» 2021-2023 гг.

3 Тәңіршілік тағылымы // <https://abai.kz/post/178529> 12.03.2024.

4 Талапулы А. Что будет, если тенгрианство придет на смену исламу в Казахстане // <https://www.caravan.kz/news/chto-budet-esli-tengrianstvo-pridet-na-smenu-islamu-v-kazakhstane-979741/>

5 Тентекали А. Какова вероятность возвращения тенгрианства на замену исламу в Казахстане? // <https://www.caravan.kz/news/vernjotsya-li-tengrianstvo-na-zamenu-islama-v-kazakhstane-obzor-kazpressy-979450/>

6 Орынтай А. Какой была традиционная религия казахов? // <https://belief.cabar.asia/ru/2024/02/12/kakoj-by-la-traditsionnaya-religiya-kazahov> 12.02.2024.

7 Муфтий РК призвал прославлять национальные традиции для борьбы с экстремизмом // https://forbes.kz/actual/muftiy_rk_prizval_proslavlyat_natsionalnyie_traditsii_dlya_borbyi_s_ekstremizmom/ 23.02.2024.

8 Традиционный ислам и семейные ценности: верховный муфтий рассказал о годе ислама и ценности традиций в Казахстане // <https://bes.media/news/traditsionniy-islam-i-semeynie-tsennosti-verhovniy-muftiy-rasskazal-o-gode-islama-i-tsennosti-traditsiy-v-kazahstane-ed300c/> 03.04.2024.

9 Оспан Ф. В Казахстане хотят узаконить новую религию тенгрианство: возможно ли это? // <https://cabar.asia/ru/v-kazahstane-hotyat-uzakonit-novuyu-religiyu-tengrianstvo-vozmozhno-li-eto> 28.06.2024

10 Как в мечетях борются с деструктивной идеологией // <https://www.zakon.kz/obshestvo/6440424-kak-v-mechetyakh-boryutsya-s-destruktivnoy-ideologiyey.html> 04.07.2024

11 Казахстанцы стали более религиозными // <https://belief.cabar.asia/ru/2024/03/11/kazahstantsy-stali-bolee-religioznymi> 11.03.2024.

Transliteration

1 Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyн Ultyq quryltaidyn «Adal adam – Adal enbek – Adal tabys» atty ushinshi otyrysynda soilegen sozi [The Speech of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev at the Third Session of the National Kurultai «Adal Adam – Adal Enbek – Adal Tabys»] // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-ultyk-kurylytaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-152572715>.03.2024.

2 Ispolnitel proekta Altaikyzy A. № AR 09259797 «Protsessi religiozatsii v Kazakhstane: spetsifika, tendentsii, vozdeistviya na razvitie obshchestva i chelovecheskogo kapitala (mezhdistsiplinarnyi analiz) [«Religiousization Processes in Kazakhstan: Specifics, Trends, Impacts on the Development of Society and Human Capital (Interdisciplinary Analysis)»]» 2021-2023 g.g.

3 Tangirshilik tagylymy [Theological Teaching] // <https://abai.kz/post/178529> 12.03.2024.

4 Talapuly A. Chtobudet, eslitengrianstvopridetnasmenuislamu v Kazakhstane [What Will Happen if Tengrism Replaces Islam in Kazakhstan] // <https://www.caravan.kz/news/chtobudet-esli-tengrianstvo-pridet-na-smenu-islamu-v-kazahstane-979741/>

5 Tentekali A. Kakova veroyatnost vozvrashcheniya tengrianstva na zamenu islama v Kazakhstane? [What is the Likelihood of Tengrism Returning to Replace Islam in Kazakhstan?] // <https://www.caravan.kz/news/vernjotsya-li-tengrianstvo-na-zamenu-islama-v-kazahstane-obzor-kazpressy-979450/>

6 Orintai A. Kakoy byla traditsionnaya religiia kazakhov? [What was the Traditional Religion of the Kazakhs?] // <https://belief.cabar.asia/ru/2024/02/12/kakoj-byla-traditsionnaya-religiya-kazahov> 12.02.2024.

7 Muftiy RK prizval proslavlyat natsionalnye traditsii dlya borby s ekstremizmom [Mufti of Kazakhstan Called for Glorifying National Traditions to Combat Extremism] // https://forbes.kz/actual/muftiy_rk_prizval_proslavlyat_natsionalnyie_traditsii_dlya_borbyi_s_ekstremizmom/ 23.02.2024.

8 Traditsionnyy islam i semeynyet sennosti: verkhovnyy muftiy rasskazal o gode islama i tsennosti traditsiy v Kazakhstane [Traditional Islam and Family Values: The Supreme Mufti spoke about the Year of Islam and the Value of Traditions in Kazakhstan] // <https://bes.media/news/traditsionniy-islam-i-semeynie-tsennosti-verhovniy-muftiy-rasskazal-o-gode-islama-i-tsennosti-traditsiy-v-kazahstane-ed300c/> 03.04.2024.

9 Ospan F. V Kazakhstane khotyat uzakonit' novuyu religiyu tengrianstvo: vozmozhno li eto? [In Kazakhstan They Want to legalize a New Religion, Tengrism: is it Possible?] // <https://cabar.asia/ru/v-kazahstane-hotyat-uzakonit-novuyu-religiyu-tengrianstvo-vozmozhno-li-eto> 28.06.2024.

10 Kak v mechetyakh boryutsya s destruktivnoy ideologiy [How Mosques Fight Against Destructive Ideology] // <https://www.zakon.kz/obshestvo/6440424-kak-v-mechetyakh-boryutsya-s-destruktivnoy-ideologiy.html> 04.07.2024.

11 Kazakhstansy stali bolee religioznymi [Kazakhstanis Have Become More Religious] // <https://belief.cabar.asia/ru/2024/03/11/kazahstansy-stali-bolee-religioznymi> 11.03.2024.

Алтайқызы А.

Религиозные аспекты массового сознания казахстанцев

Аннотация. В данной научной статье рассматриваются религиозные аспекты массового сознания в Казахстане, с акцентом на текущее состояние ислама в обществе. Исследуются взаимосвязи между религиозными представлениями и социальными процессами, а также их влияние на формирование коллективных идей и национальной идентичности казахстанцев. Особое внимание уделено процессам и трендам изменений религиозных ценностей в условиях культурных и социальных трансформаций, а также взаимодействию различных мировоззренческих систем. В статье обсуждаются проблемы адаптации религиозных концептов в контексте глобализации и их роль в обеспечении социальной гармонии. Автор подчеркивает значимость изучения религиозного фактора для более глубокого понимания социокультурной специфики и перспектив развития современного общества.

В исследовательской работе затрагиваются два основных направления: во-первых, анализ выступления Президента Республики Казахстан К.-Ж.К. Токаевана третьем заседании Национального курултая «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс»; во-вторых, дискурс-анализ казахстанских онлайн-платформ по теме «ислам и тенгрианство» в контексте религиозного массового сознания. Основной целью статьи является определение состояния религиозных взглядов в общественном и экспертном дискурсе, а также выявление религиозных аспектов массового сознания казахстанцев.

Ключевые слова: массовое сознание, религиозное сознание, народ Казахстана, религиозные аспекты сознания, ислам.

Altaikyzy A.

Religious Aspects of Mass Consciousness of Kazakhstanis

Abstract. This scientific article examines the religious aspects of mass consciousness in Kazakhstan, with an emphasis on the current state of Islam in society. The relationship between religious ideas and social processes, as well as their influence on the formation of collective ideas and national identity of Kazakhstanis, are studied. Particular attention is paid to the processes and trends of changes in religious values in the context of cultural and social transformations, as well as the interaction of various ideological systems. The article discusses the problems of adapting religious concepts in the context of globalization and their role in ensuring social harmony. The author emphasizes the importance of studying the religious factor for a deeper understanding of the socio-cultural specifics and prospects for the development of modern society.

The research work covers two main areas: firstly, the analysis of the speech of the President of the Republic of Kazakhstan K.-Zh.K. Tokayev at the third session of the National Kurultai «Adal Adam – Adal Enbek – Adal Tabys»; secondly, the discourse analysis of Kazakhstani online platforms on the topic of «Islam and Tengrism» in the context of religious mass consciousness. The main goal of the article is to determine the state of religious views in public and expert discourse, as well as to identify religious aspects of the mass consciousness of Kazakhstanis.

Keywords: Mass Consciousness, Religious Consciousness, People of Kazakhstan, Religious Aspects of Consciousness, Islam.